

Алиева Ж.Н., Төлепова С.Т.

**Қазақстанда weekend  
турлардың ұйымдастырылуы  
мен дамуы**

Қазақстан weekend турларды ұйымдастыру мен дамытуда мол мүмкіндіктерге ие. Бұл мүмкіндіктерге еліміздің табиғи географиялық жағдайы, рекреациялық және әлеуметтік-экономикалық ресурстарға бай болып келуі және халықтың демалысқа деген қызығушылығының артуы сәйкес келеді.

Зерттеу негізінде Қазақстан аумағында ұйымдастырылатын weekend турларға талдау жүргізілді. Weekend турларды дамыту бойынша туристік нарықты зерттеп, weekend турлардың SWOT-талдауы жасалды. Сонымен қатар, авторлармен weekend турлардың классификациясы құрастырылды.

**Түйін сөздер:** weekend тур, ішкі туризм, демалыс күндері, weekend турлардың классификациясы, SWOT- талдауы.

---

Aliyeva Zh.N., Tolepova S.T.

**Organization and development  
weekend tours in Kazakhstan**

Kazakhstan has great prospects for the organization and promotion of weekend tours. This is facilitated by favorable natural and geographical conditions of the country, rich natural and socio-economic recreational resources, as well as all over the growing public interest in tourism.

On the basis of the study was the analysis of the spread of organized weekend tours in the regions of Kazakhstan. Has been studied for the development of the tourist market weekend tours, composed SWOT- analysis weekend tours. In addition, the authors have developed a classification weekend tours.

**Key words:** weekend tour, domestic tourism, weekend days, classification weekend tours, SWOT-analyse.

---

Алиева Ж.Н., Төлепова С.Т.

**Организация и развитие  
weekend туров в Казахстане**

Казахстан имеет большие перспективы для организации и продвижения weekend туров. Этому способствуют благоприятные природно-географические условия страны, наличие богатых природных и социально-экономических рекреационных ресурсов, а также все более нарастающий интерес населения к туризму.

На основе исследования был проведен анализ распространения организуемых weekend туров по регионам Казахстана. Был изучен туристский рынок для развития weekend туров, составлен SWOT- анализ weekend туров. Кроме того, авторами разработана классификация weekend туров.

**Ключевые слова:** weekend тур, внутренний туризм, выходные дни, классификация weekend туров, SWOT-анализ.

## ҚАЗАҚСТАНДА WEEKEND ТУРЛАРДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ МЕН ДАМУЫ

### Кіріспе

Бүгінгі күні Қазақстанда туризмді дамыту мәселесі өзекті болып отыр. Ішкі туризмді алға жылжытудың бір құралы ретінде демалыс күндердегі турларды ұйымдастыру маңызды орын алады. Демалыс күндерін адам өз қажеттілігіне қарай әртүрлі ұйымдастыруына болады. Біреулер демалыс күндерін белгілі бір шаруасымен айналысу үшін асыға күтсе, енді біреулер демалыс күнін өзінің жақын адамдарымен серуендеуге, қыдыруға арнайды. Демалыс күнгі рекреация адамның өмірлік жетіспейтін қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталады: демалыс, қалпына келтіру, мәдени даму.

Демалыс күнгі туризмнің мақсаты – демалыс күнгі турларды өткізуді жұмыс күндерінен кейінгі рекреациялық тәсіл ретінде сараптау болып табылады.

Демалыс күнгі туризмнің міндеттері:

1. Зерттеу мақсатымен тығыз байланыстағы теориялық негізді жарықтандыру.
2. Өткізіліп отырған шараның адам ағзасына әсерін бағалау [1].

Адамның демалысқа деген қажеттілігін ескере отырып, соңғы жылдары әр түрлі әдебиет беттерінде және халық арасында «weekend тур» түсінігі пайда болды. Әсіресе бұл түсінік батыс елдерінде кең түрде қолданылады. Яғни «weekend тур» түсінігі екі сөздің қосындысынан «weekend» және «тур» сөздерінен құралып отыр. «Weekend» сөзі ағылшын тілінен енген, («week» - апта + «end» - соңы) апта соңындағы демалыс күндері деген мағынаны білдіреді [2]. Weekend тур – бұл апта соңындағы сенбі, жексенбі немесе мерекелік демалыс күндері ұйымдастырылатын тур болып табылады.

Алғашқыда weekend турлар демалысқа мүлде уақыты болмайтын, толық айлық демалыс туралы айтпақ түгілі, тіпті апталық демалысқа шығуы қиын іскер адамдарға арналған болатын [3]. Weekend турлар адамның алға қойған мақсаты, қатысушылар саны, олардың ерекшеліктеріне және демалыстың ұзақтығына байланысты әртүрлі болып келуі мүмкін.

Weekend турлар туризмде және адам өмірінде ерекше маңызға ие. Оларды көптеп ұйымдастыру – бұл ішкі туризмді

дамытудың құралы. Weekend турлар – бұл шыннайы мазмұнды қамтыған, жұмыс күндеріндегі ауыртпалықтарды ұмыту мен ерекше көңіл күйді қалыптастырудағы ұмытылмас демалыс күндері. Қазіргі кезде weekend турларға бүкіл әлемде сұраныс артып отыр. Себебі адам күнделікті жұмыстан қажиды және жақсы жағдайда өзіне жағысы атмосфера қалыптастырып демалғысы келеді. Ал weekend турлар – мұндай мәселені онай шешіп, аз уақытта жақсы демалып қалуға мүмкіндік береді.

### Нәтижелері мен талдау

Саяхатшылардың саяхаттау мен демалыс өткізу аудандарын таңдауында табиғи ресурстар үлкен рөл атқарады. Бұл жағынан алғанда туристер өздері таңдау жасаған туристік аудандардың ландшафты мен климатына, өсімдіктер және жануарлар әлемінің бай болуына, спортпен айналысуға, аң аулауға, балық аулауға жайлы

болуына көп көңіл аударады. Туристік аймақтың ресурстары қандай болса, рекреациялық әрекеттер мен түрлерді ұйымдастыру соған байланысты болады.

Қазақстан – шексіз жолдар мен қиял ғажайып табиғат ландшафтарымен ерекшеленетін Орталық Азияның ең ірі елі. Еліміздің аумағы рекреациямен айналысам деушілерге ерекше мүмкіндіктер береді. Мұнда аспанмен таласқан таулар мен жазық шөлді даланы, әсем көлдер мен ағысы қатты өзендерді бір күнде тамашалауға болады. Weekend турлардың аз уақыттық болса да, жоғары жиілікте өткізіліп тұруы халықтың әлеуметтік-мәдени іс-әрекетке белсене қатысуына әсер етеді, тікелей аймақтың экономикалық құрылымын дамытып қана қоймай, халықтың мәдени деңгейінің жоғарылауына да септігін тигізеді. Еліміздің аумағы бойынша ұйымдастырылатын weekend турларға немесе демалыс күнгі туризм дамуының SWOT талдауы төмендегі кестеде көрсетілген (1-кесте).

1-кесте – Қазақстанда ұйымдастырылатын weekend турлардың SWOT-талдауы

<p>Жағымды жақтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– туристік-рекреациялық ресурстардың болуы;</li> <li>– ішкі туризмді дамытуды мемлекеттік қолдау;</li> <li>– халықтың демалысқа деген көзқарасының өзгеруі;</li> <li>– бос уақыттың артуы;</li> <li>– турлардың қолжетімділігі.</li> </ul>	<p>Жағымсыз жақтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– инфрақұрылым деңгейінің әлі де төмендігі;</li> <li>– маркетингтік жұмыстардың жеткіліксіздігі;</li> <li>– ақпарат жетіспеушілігі;</li> <li>– демалыс уақытының шектеулілігі.</li> </ul>
<p>Мүмкіндіктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– weekend турларды дамыту бойынша ішкі туризмнің дамуы;</li> <li>– халықтың салауатты өмір салтын ұстануы;</li> <li>– еліміз аумақтары бойынша экологиялық және мәдени-танымдық білімнің қалыптасуы;</li> <li>– шетелдіктерді тарту.</li> </ul>	<p>Қауіп-қатерлер:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– экологиялық жағдайдың туристер келуімен ушығуы;</li> <li>– территорияға түсетін рекреациялық ауыртпалықтың артуы;</li> <li>– апатты жағдайлардың орын алуы.</li> </ul>

Weekend турлармен айналысушылардың санын анықтау қиын болып отыр, себебі адамдар мұндай демалыстарды өз еркімен өткізуі де мүмкін. Статистикалық деректерге сүйенсек, Қазақстан Республикасына еңбек демалысы және демалыс мақсатында келушілердің саны 2009 жылы 657620 адамды құраса, 2013 жылы бұл көрсеткіш 1113469 адамды құрады [4]. Суреттен көріп отырғанымыздай еңбек демалысы және демалыс мақсатындағы саяхаттаушылардың жыл сайын өсу серпінін байқауға болады. Ал 2011 жылы бұл көрсеткіш экономикалық жағдайға байланысты төмендеген (1-сурет).

Қазақстан аумағында weekend турлардың ұйымдастырылуы тек қана осы соңғы жылдардың көлемінде жүргізіліп келеді. Елімізде мұндай турларды халыққа қолжетімді етіп отырған бірнеше турфирмалар бар. Қазақстанда ұйымдастырылатын weekend турлардың ішінде ең көп тараған түрі – қаладан тыс табиғат аясында серуендеу. Алматы облысы бойынша ұйымдастырылатын Шарын шатқалы, Үлкен Алматы көлі, Есік көлі, Түрген шатқалы т.б. weekend турлар соның мысалы.

Weekend турлар еліміздің барлық аймақтары бойынша кең таралған. Республика бойынша ең

көп weekend туризммен айналысатын аймақ бұл – Оңтүстік Қазақстан аймағы болып келеді. Әсіресе, Алматы облысында weekend турлар көптеп ұйымдастырылады. Алматы облысы бойынша ұйымдастырылатын weekend турлардың бағасы орташа есеппен 3000 теңгеден басталып, 15000 теңгеге дейін жетеді [5].

Қазақстанда ұйымдастырылатын weekend турлар ұйымдастыру ерекшеліктері, қамтитын аумағы, турдың мақсаты, ұзақтылығы, мерзімі т.б. бойынша әртүрлі болып келеді. Осыған байланысты елімізде ұйымдастырылатын weekend турлардың классификациясы құрастырылды (2-кесте).



1-сурет – Қазақстан Республикасындағы еңбек демалысы және демалыс мақсатындағы келушілер саны

2-кесте – Қазақстанда ұйымдастырылатын weekend турлардың классификациясы

2-кестенің жалғасы

Жіктелуі	Weekend турлар
Қамтитын аумағы бойынша	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ Шетелге бағытталған</li> <li>✓ Еліміз аумағына бағытталған</li> </ul>
Өткізу орны бойынша	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ Қала ішіндегі</li> <li>✓ Қала сыртындағы</li> </ul>
Мерзімі бойынша	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ Қысқы</li> <li>✓ Күзгі-көктемгі</li> </ul>
Ұзақтылығы бойынша	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ Түнеусіз ұйымдастырылатын</li> <li>✓ Түнеумен ұйымдастырылатын</li> </ul>
Ұйымдастыру ерекшелігі бойынша	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ Турфирмамен ұйымдастырылған</li> <li>✓ Өз еркімен</li> </ul>
Қатысушылар саны бойынша	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ Топпен</li> <li>✓ Жеке</li> </ul>
Қатысушылар жас деңгейі бойынша	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ ерексектерге арналған</li> <li>✓ балаларға арналған</li> </ul>

Жіктелуі	Weekend турлар
Туризм түрлері бойынша	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ мәдени-танымдық</li> <li>✓ экологиялық</li> </ul>
Көлік құралдары түрлері бойынша	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ джиппен</li> <li>✓ атпен</li> <li>✓ мотоциклмен</li> <li>✓ велосипедпен</li> <li>✓ вертолетпен</li> </ul>
Кесте авторлармен құрастырылды	

Қазақстанда ұйымдастырылатын weekend турлар ары қарай ішінара тағы да жіктелінуі мүмкін. Мысалы, қала сыртына ұйымдастырылатын тур тауға, өзен-көлге т.б. бағытталуы мүмкін. Ал өзен-көлдерге бағытталған weekend турлардың өзі жағажайдағы демалыс, рафтинг, жүзіп өту, балық аулау т.б. болып ары қарай жіктеліп кете береді. Weekend турлар қандай мақсатта ұйымдастырылуына қарамастан, ең маңыздысы адамның демалысының дұрыс ұйымдастырылуы, алған әсері болып табылады.

### Қорытынды

Қазіргі кездегі Қазақстанның туризм нарығында weekend турларды көптеп ұйымдастыру мен дамыту бойынша жүргізілетін шараларды барынша арттырып, демалыс күнгі туризмді барынша кеңінен насихаттау – болашақта еліміздің туризмі дамыған алдыңғы қатарлы елдердің

бірі болуына зор мүмкіндік берері сөзсіз. Сонымен қатар, демалыс күндердегі туризм немесе weekend турларды көптеп ұйымдастыру халықтың аз уақыт ішінде күнделікті тіршіліктен бір сергіп қалуына, көңіл-күйін көтеріп, жұмысқа деген қабілетін көтеруге мүмкіндік береді және мұндай турлар халықтың экологиялық және патриоттық білімін арттыруға көмектеседі.

### Әдебиеттер

- 1 [Макаревич Э.Л. Туристские походы выходного дня. – Минск, 2001.
- 2 Понятие «weekend». <http://www.merriam-webster.com.weekend>
- 3 Бабкин А.В. Специальные виды туризма: Ростов-н/Д.: «Феникс», 2008. – 218 с.
- 4 Еңбек демалысы және демалыс мақсатындағы келушілер саны. [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)
- 5 Цены weekend туров. <http://hottour.travel/ru/tury/246-tury-vyходного-dnia.html>

### References

- 1 Makarevich E.L. Turistskie pokhody vyходного dnya. – Minsk, 2001.
- 2 Poniatie «weekend». <http://www.merriam-webster.com.weekend>
- 3 Babkin A.V. Spetsialnye vidy turizma: Rostov-n/D.: «Feniks», 2008. – 218 s.
- 4 Enbek demalysy jane demalys maksatyndagy kelushiler sany. [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)
- 5 Tseny weekend turov. <http://hottour.travel/ru/tury/246-tury-vyходного-dnia.html>